

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020

ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромилейл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

## АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ХАКІМ АБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА

Ибраева А.Г.<sup>1</sup>, Садықов Т.С.<sup>2</sup>, Темірханова Ә.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Т.ғ.д., профессор. М. Қозыбаев ат. СҚМУ

<sup>2</sup>Т.ғ.д., профессор

<sup>3</sup>PhD докторант. Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ғылыми еңбектері мен тұжырымдары тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуында маңызы зор. Қазақ тарихы мен сөз өнері егіз, сондықтан академик Манаш Қабашұлы кәсіпқой тарихшы бола тұра, қазақ тарихы мен сөз өнерін бөліп жармай қарастырған тұлға. Өз зерттеулерінде автор қазақтың ойшыл-ақыны, хакім Абайдың өмірі мен қоршаған ортасын, өмір сүрген заманын, қызметі мен шығармашылығын терең талдап, жан-жақты қарастырған. Ғалым өзінің зерттеулерінде ақынды жете тануға талаптанғаны байқалады. Ол хакім Абайды өзіндік болмысы бар, шыншыл, сыншыл ақын деп білген. Тарихшының тұлғатану мәселесіне қатысты зерттеудегі жаңашылдығы тақырыпқа қатысты қалам тартқан кейінгі тарихшыларға әдіснамалық бағдар береді. Ғалымның хакім Абайды тану жолында жазған зерттеулерінің маңызы зор. Берілген мақала барша абайсүйерқауымға, тәуелсіздік жағдайында Абайды зерттеп жүрген жас буын ұрпаққа пайдалы болар деген ойдамыз.

**Түйін сөздер:** ғалым., заман, ұлт, тұлға, ақын, әдебиет, қазақ, тарих, Манаш Қозыбаев, Абай Құнанбайұлы

## ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА

Ибраева А.Г.<sup>1</sup>, Садықов Т.С.<sup>2</sup>, Темирханова А.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Доктор исторических наук, профессор. СКГУ им. М. Козыбаева. Казахстан, Петропавловск.

<sup>2</sup>Доктор исторических наук, профессор. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, Нур-Султан

<sup>3</sup>PhD докторант кафедры История Казахстана. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, Нур-Султан

**Аннотация.** *Введение.* Научные труды и концептуальные выводы академика Манаша Кабашевича Козыбаева имеют важную роль в становлении и развитии исторической науки. Такие понятия как, история казахского народа и искусство речи очень близки, поэтому будучи профессиональным историком, известным ученым академик Манаш Кабашевич смотрел не разделяя их. В своих исследованиях автор дает глубокий анализ жизни и среды обитания великого казахского мыслителя и поэта Абая Кунанбаева, его времени, деятельности и творчества. В своем исследовании ученый постарался более глубже и лучше узнать поэта. Он знал великого Абая как поэта со своей индивидуальностью, честного и критического. Новизна историка в исследовании, касающегося вопроса личности, дает методологическое и исследовательское направление будущим историкам. Исследования ученого познать Хаким Абая имеет большое значение.

Мы надеемся, что эта статья будет полезна для всего сообщества, для молодого поколения, изучающего Абая в условиях независимости.

**Ключевые слова:** Абай Кунанбаев, Манаш Козыбаев, поэт, литература, казах, история, личность, нация, время, ученый.

## RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV

Ibraeva A.G.<sup>1</sup>, Sadykov T.S.<sup>2</sup>, Temirkhanova A.S.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Doctor of History, Professor. M. Kozybayev NKSU. Kazakhstan, Petropavlovsk

<sup>2</sup> Doctor of History, Professor. L.N. Gumilyov ENU, Kazakhstan, Nur-Sultan

<sup>3</sup> PhD student of the Department of History of Kazakhstan. L.N. Gumilyov ENU, Kazakhstan, Nur-Sultan

**Abstract. Introduction.** The scientific works and conclusions of Academician Manash Kabashevich Kozybaev are important in the formation and development of historical science. Kazakh history and art of speech are twins, therefore academician Manash Kabashevich, being a professional historian, is a person who did not share Kazakh history and art of speech. In his studies, the author gives an in-depth analysis of the life and environment of the Kazakh thinker and poet Abay, his time, activity and creativity. In his research, the scientist insisted on getting to know the poet better. He knew the ruler of Abai as a poet with his personality, honest and critical. The historian's novelty in the study concerning the issue of personal history gives a methodological direction to future historians. Research scientist to know the hakim of Abay is of great importance.

We hope that this article will be useful for the entire community, for the young generation studying Abay in conditions of independence.

**Keywords:** Abay Kunanbaev, Manash Kozybaev, poet, literature, Kazakh, history, personality, nation, time, scientist.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің бейбітшілік және ұлтаралық келісім сыйлығының лауреаты Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың қазақ тарихындағы орны ерекше. Манаш Қабашұлы ұлттық намыс пен рухтың жай жаршысы ғана емес, өмірінде оның үлгісін өз іс-әрекетімен көрсете білген, намысты да рухты бірегей тұлға болып табылады. Тарих ғылымдарында ғасыр жүгін арқалап, ХХ ғасырдың соңғы 40 жылға жуық уақыты бойы кесек туындыларымен, өзгеше ойларымен ақниет әріптестерінің құрметіне бөленіп, оқырманның ауызынан түспеген, биліктің назарын бірде үркітіп, бірде сүйінтіп өзіне аудартқан ғалым ретінде өзі де ұлттық тарихымыздың ұлағатты тұлғасына айналды.

Ел тарихшыларының нөқта ағасы ретінде академик Манаш Қабашұлының тұлғатану мәселесіне қатысты мақалаларының тарихи маңызы зор. Академик Манаш Қозыбаевтың ғылыми еңбектеріне сараптама жасап, тиесілі баға беру алдағы уақыттың, дербес те жүйелі зерттеу жұмыстарының еншісінде болмағы рас. Ғалым отандық тарихнамада алғашқылардың бірі болып тарихи портреттер жасауды қолға алған. Тұлғатану саласында ғалымның Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали би Қосымұлы, Жалаңтөс баһадүр, Абылайхан, Бұқар жырау, Қожаберген жырау, Шақшақ Жәнібек, Жәуке батыр, Махамбет пен Исатай батырлар, Сырым батыр, Хан Кене, Қарасай батыр, Шоқан, Абай, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Смағұл Сәдуақасов, Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Сәкен Сейфуллин, Жүсіпбек Аймауытов және тағы басқа қазақтың тарихи тұлғалар тағдыры арқылы Отанымыздың сан қырлы тарихын аша түскен.

Бұл ретте ғалым тарихи тұлғаларға қатысты «Өлім – екі түрлі. Бірі – табиғи өлім, екіншісі – рухани өлім. Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу» деп көрсеткен.

Тұлға мәселесіне қатысты тарих ғылымдарының докторы, профессор Манаш Қабашұлы мынадай тұжырымдар жасайды: «Халық басына күн түсіп, қиын-қыстау замана туғанда ғана тұлға өзінің өзгеден ерек ірі ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріпкелдігімен танылады. Ендеше, тұлға – табиғат сыйы, табиғи ортаның туы. Тұлғаны ақ алмастай замана шындайды, ақ алмас Мұхтар Омарханұлы айтқандай, қаттыны жарады, жұмсақты тіледі; замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дарияны еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады. Мұндай тұлғалар күнде тумайды, табиғат адам баласына оны анда-санда сыйлайды».

Көрнекті ғалым Манаш Қозыбаевтың ғылыми шығармашылық мол мұрасы өз бағасын жоймай, бүгінгі таңда тарихтан өз орнын алған. Тұлғатану мәселесіне қатысты жазылған бұл зерттеу Абай ұлылығын асқақтатып, абайтануға қосылған сүбелі үлес деп санаймыз. Мәселен, бүгінгі даму, рухани, саналы, сапалық өріс Абай ойымен терең ұштасқан. Осы даналық ой ұлтымызды жаңылдырмай, өмір сынынан мүдірмей өткізіп келе жатқандығы белгілі. Адамзат өркениетінің қазақ халқының бай рухани мұрасымен іс жүзінде хакім Абайдың арқасында танысқаны мәлім. Сондықтан біз осы мақаламызда ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын, дара ойлары мен дара көзқарастарын саралаған академик Манаш Қабашұлының зерттеулеріне терең тоқталамыз.

### **Материалдар мен әдістері**

Ғалым Манаш Қозыбаевтың еңбектеріндегі көрнекті тарихи тұлғалардың өмір сүрген кезеңін, шығармашылығы мен қызметін зерттеуге мүмкіндік берген тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы талдау және жинақтау әдістері кешенді қолданылды. Осыған орай ғалым жаңа тәуелсіздік заманасында біз қазақ зиялыларының бейнелерін жасап, тарихтағы өз орнын анықтап, тұғырына қондырамыз десек, өркениетті елдер тарихын жазудағы методология мен әдістерді игеру керектігін ескерткен. Мақалада нақты тарихи қажеттілік, тарихи тағылым, тарихи зерде негізінде қоғамдық-саяси мәселелер бойынша жаңа көзқарастар, ғылыми ойлар ескеріліп отырды.

### **Талдау**

Қазақ қоғамына еңбегі сіңген азаматтардың ғұмырнамалық тарихын зерттеу, олардың тарихтағы орнын айқындау тарихшылардың басты міндеті болып табылады. Жоғарыда аталған мақала Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақаласымен ашылған. Сондай-ақ тарих ғылымдарының докторы, профессор Манаш Қабашұлының тарихи мол мұрасы – мерзімді баспасөз беттеріндегі мақалалары, еңбектерінде жарияланған ғылыми зерттеулері пайдаланылған. Хакім Абай туралы Қ. Алпысбаев пен Г. Бельгердің зерттеулері кеңінен қолданысқа еніп, бірқатар ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасалған.

### **Зерттеу нәтижелері**

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларына құрмет көрсетіп, сол арқылы тарихи санасын жаңғыртып, келешекке соны бағдар етеді. Олардыңқатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары болуы мүмкін. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде классик ақын Абай Құнанбайұлының орны ерекше. Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат

баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлаған алып тұлға. Алыстаған сайын биіктей түсетін тау сияқты заманалар ауысып, дүние дидары өзгергенмен, ұлы Абай тұлғасының аласырмасы анық. Керісінше уақыт өткен сайын оның артына қалдырған бай мол мұрасы асыл тастай ажарланып, елін, ұрпағын биік шындарға жетелейді. Бүгінде Абайды тану тарихы жүз жылдан да асып барады. Сөйтсе де біздер хакім Абайды біршама танысақ та, ойшыл, дана Абайды жете ұға алмай жатқан жайымыз бар. Әсіресе Абай шығармаларындағы толық адам, нұрлы ақыл, жан сыры сияқты өзекті танымдар әлі де зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақаласында «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды» [1] деп хакім Абайдың қазақ әдебиеті үшін де, бүкіл түркі мәдениеті үшін де маңызды тұлға екендігін көрсеткен. Президент өзінің мақаласында біз үшін аса маңызды ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашатын ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына сай бейімдеу мәселесін қозғап, бұл ретте Абайға жүгіну арқылы көп түйіннің шешімін табатынымызды тағы дәлелдеп отыр. Мақалада қазақтың классик ақыны Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай, оның мол мұрасын оқу, насихаттау, зерттеу жолымен қоғамдық дамуымыздың барлық салаларына рухани серпін беріп, азаматтық санамызды қайта түлету көзделгендігі ерекше атап өткен жөн.

Той демекші ғалым Манаш Қабашұлы тойға қатысты 1996 жылы Жұлдыз журналының №4 санында жарық көрген «Той туралы» деген мақаласында: «Тойдың концепциясы – ұлттық санасын ояту, ұлы ата-баба аруағын сыйлау арқылы Отан сүйгіш ұрпақ тәрбиелеу, халықтың басын біріктіріп, оның жаңа менталитетін қалыптастыру болса керек» деген. Бұл ретте автор Абай бабамыздың тойына қанша кітап шықты, қанша өлең, әндер туды, қанша философиялық мәні бар толғаныс, ізденіс жасалды, қанша ескерткіштер орнады, мұражайлар салынды, қандай дәрежеде ғылыми конференция, симпозиумдар, дөңгелек столдар өтті. Абай мұрасы қандай тілдерге аударылды, абайтанудың жаңа көтерілген деңгейі қандай – тойдың ішкі мазмұны осындай тұжырымдарға құрылса керек-ті [2] деген тұжырымды ұстанғандығын көрсеткен. Осыған орай Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе, адамдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге!», – деген сөздерінің алар орны айырықша.

Өз кезегінде хакім Абайдың ақындық қуатына, тұлғасына және дәуіріне терең үңілгендердің бірі академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Манаш Қабашұлы Қозыбаев белгілі. Ғалымның Абай туралы «Абай және оның заманы» деген мақаласы 1995 жылы ҚРҒМ – ҒА хабаршысының №6 санында жарық көрген. Мұнда автор Абай тұлғасы мен оның өмір сүрген заманына тоқталып, тарихи тұрғыдан зерттеген. Ғалым өзінің бар ғұмырында Отандық тарихты зерттеп қана қоймай, ғылыми мол еңбектері арқылы қазақ халқының тарихи санасын қайта жаңғырту жолында қыруар іс тындырып, тарихтың бұрмаланып жазылуына қарсы тұрды. Сондай-ақ ғалымның тұлғатану, ғұмырнама жанрын зерттеудегі еңбектерінің орны ерекше. Бүгінгі таңда ғұмырнама Абайтану, Әуезовтану, Әлихантану сияқты сан-салаға бөліп, тарихи тұлға ретінде жеке басына тән ерекшеліктерді қарастыру ісі қолға алып жатқандығы ерекше атап өткен жөн.

Мақалада автор кемеңгер ақын туралы қайта-қайта тебіреніп, жоғары бағасын беріп отырады: «Абай өнер, білімге жадағай жалпылама шақырмады. Ұлы дана қазақ халқының ХХ ғ. орыс өркениетін алтын көпір ете отырып, базарлы экономиканы меңгеріп, өркениет төріне өнер-білім, мәдениет арқылы әлем көгіне шығуды қалайды». Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» деген мақаласында «Одан асқан бұрың-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп Абайды аса жоғары бағалады.



«Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, – деп жазды Сәбит Мұқанов, – Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі». Аталмыш мақаласында тарихшы-ғалым хакім Абайдың тұлғасына қатысты даналық жолында шығыстың ойшылы ұлтшылдыққа ұрынбады, үш өркениет мәдениетін синтездеу арқылы әлем биіктігіне көтерілгендігін ерекше атап айтқан болатын.

Ғалым өзінің Абай Құнанбайұлы тұлғасы мен өмір сүрген заманы туралы жазған мақаласында, оның алып бейнесін жан-жақты кең тарапта сомдап, есімін замана сырымен байланыстырды. Академик Манаш Қабашұлы Абай өмір сүрген заманды қарастыра келіп хакім Абай туралы былай дейді: «Жаңа тәуелсіздік заманасында Абай дегенде біз халқымыз туралы сыр шертеміз, еліміз туралы егілеміз, мұңымызды, жырымызды айтып төгілеміз, ардағымызды абыз қылып, асылымызды Хан тәңіріне тұғыр қылып орната отырып, бабамыз айтқан надандықтан, еріншектіктен, залымдықтан жиренеміз. Бұлай ету заңдылық та. Өйткені Абай біздің қазақ халқының өзі, барша тарихын таразылаған көзі, бұлбұлдай сайраған поэзиясының сөзі. Абай – халықтың рухы, ол түркі тектес халықтардың дінгегі Қорқыт ата, Асан қайғы, Бұқар жыраудай ұлы алыбы». Хакім Абай ғылымның тазалығы үшін күреседі. Сол феодалдық-патриархалдық қоғамда өмір сүрсе де, ол өз ұлтының болашағына сенеді.

Автор Абай өмір сүрген уақыт адамзат қоғамында үлкен өзгерістер болған кезең екенін айтады. Осы өзгерістер дана тұлғаны толғандырмай қоймағаны белгілі. Академик Манаш Қабашұлы ақын өмір сүрген кезеңді терең бағамдай отыра, Абай дәуірінің ерекшеліктеріне толық талдау жасайды. Ғалым осы зерттеуінде Абай өмір сүрген кез, бодандықтың небір өрескел көріністері ел өмірін кең жайлаған кез еді дейді. Яғни қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік қайшылықтары шиеленісіп, ру-руға бөлініп, жер дауы, жесір дауы өршіген заман болған. Ақынның өз сөзімен айтқанда «ел басына қиындық пен әуре туған күйзеліс әкелген» кезең еді. Сондай әлеуметтік әділетсіздіктермен күресе жүріп, хакім Абай орыс мәдениеті мен орыс әдебиетін, батыс мәдениетін қазақ даласына жаюға ұмтылды. Халық болашағын білім, өнер, өркениеті дамыған халықтар болмысынан іздеп, ғылым мен білімнің толассыз дамыған кезеңі еді деген ұстанымды ойын айтқан. Бұл ретте қазақ әдебиетінің темір қазығы болған Абай мұрасын терең де толық білу үшін Абайдың өмір сүрген заманын, оның өскен ортасын зерттеу арқылы ақын шығармаларының сырын білеміз.

Академик Манаш Қабашұлы жоғарыда аталған мақаласында XIX ғасырдың орта шенінде қазақ сахарасында ғасырларға созылған ұлт-азаттық қозғалыстың болғанын талдап өтеді. Отар өлкені «бейбіт» игеру кезеңін толық басталғандығын көрсетіп, XIX ғасырдың аяғында халық алдында «өмір не өлім» альтернативасы туғанын ерекше атап өткен. Сол кезде әлемтану, қазақтану жолындағы ойшыл-ақын Абайды толғандырған басты сауалдар: ««қазақ» деген кім, ол қайдан жаралды, қалай таралды, ол текті ме, тексіз бе, тілі, діні қандай, ұлттық болмысы қай халықтан биік, қайсысынан аласа?», – дейді автор. Бұл ретте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте, 1995 жылғы тамыздың 9-да жасаған баяндамасында хакім Абай туралы: «Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байқатқандығы» деп ерекше атап өткен.

Ақынның өсіп-өнген ортасы, мектебі, мәдени дәстүрлері өз алдына күрделі мәселе болып табылады. Мұның өзі алуан-алуан қатпарлы, астарлы, тұңғыық сыр әлемі десе артық емес. Мақалада ғалым «Абай заманасы оның ортасынан басталары даусыз» – деп, ақынның кеңістігіне,

өрісіне, Абайтануда қалыптасқан концепцияға терең тоқталады. Біріншіден, Абай өскен орта – халық ақындарының, шешендердің, шежірешілердің, ой мен тіл көсемдерінің алтын ордасы болып табылатыны белгілі. Ақын ортасы дегенде ғалым Манаш Қозыбаев Ибраһимді өсірген Құнанбай әулеті деп, болашақ дананың атасы Өскенбай, әкесі Құнанбай, сүйікті анасы Ұлжан, марқасқа ел анасы – әжесі Зере есімдерін ерекше атап өткен. Мұнда автордың көрсетуінше, ақынның атасы Өскенбай аты шыққан би болған, ал әкесі туралы Құнанбай алдына жан салмаған шешен, тар заманда еліне, халқына танылған көсем, қайраткер жан екендігін айқындайды. Осы ретте абайтанушы зерттеушілердің арасында әкесі Құнанбайға қатысты қалыптасқан тұжырымдарды пайымдап, Абайдың даналық жолында дала саңлағы Құнанбайдың үлесі бары ақиқат деген ойын нақтылайды. Автордың айтуынша, бала Абай әкесінің қатал қатал, қайсар мінез-құлықтарына сын көзбен қараса, дана Абай Құнекеннің замана перзенті екенін түсінгені күмән тудырмайды. Ғалым ойын жалғастыра келе, кейде кейбір ғалымдар Мұхтар Омарханұлы жасаған Құнанбай образы мен өмірдегі Құнанбайды салыстырып әлек болады. М.О. Әуезов «Абай жолында» дала феодалының да, дала билеушісінің де жинақталған кесек бейнесі бергені аян деген тұжырым жасайды. Хакім Абай өз өмірінде атаның баласы емес, адамның баласы болғанын ерекше атап өткен жөн.

Ғалым Манаш Қабашұлы Абай туралы терең толғанысын осы арада үзе отырып, ақын кеңістігіне тоқталады. Абай кеңістігі дегенде автор Дала өңірінің орталығы болған Семейге ерекше тоқталып өткен. Белгілі тарихшы Абай үшін Семейдің орнын былайша көрсеткен: «1. Ахмет Риза медресесі, орыс мектебі – Абай жолының бір белесі болса, 2. Жер ауып келген көпұлтты зиялы қауым қазақ даласындағы поэтикалық дарынды ашты». Дала өңіріндегі діни медресесінде білім алуы, шығыстың шайырларының өлеңдерін қаңыға оқып, сусындауы, араб, парсы, түрік, шағатай тілдеріне жазылған еңбектерді оқуға жол ашқандығы белгілі. Семейде оқыған жылдарында орыс мәдениеті мен оның өкілдеріне деген қызығушылығы оянған. Сондай-ақ, қатаң тәртіпке қарамастан ақын орыс мектебіне оқуға түсіп, осы мектепте болған кезінде оның орыс халқының мәдениетін білуге деген ынтасы артып, өз еркімен орыс әдебиетін үйреніп, еркін түрде орыс тілін меңгеруіне жол ашылған. Абайдың танысқан жаңа достары болашақ ұлы ақынның дүниетану ауқымын жан-жақты кеңейтуге ықпал етіп, оның басқа халықтарға танылуына жаңа жол ашқан. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдиновтың айтуынша «Абай өзінің жақын досы, Ресей империясының демократы Е.П. Михаэлистің бастамасымен 1883 жылы ашылған Семей облыстық тарихи-өлкетану музейінің жұмысына белсене қатысып, қазақ халқының салт-дәстүріне, этнографиясына байланысты тың мағлұматтар айтып, пайдалы ақыл-кеңестер берген, өз тарапынан музей қорына елуден астам ұлттық бұйымдарды тапсырғаны белгілі. Семей облысының экономикасын, тарихы мен халық шаруашылығын, табиғатын зерттеумен айналысқан ғылыми-зерттеу орталығы – Семей облыстық статистикалық комитетінің жұмысына да ұлы ақын ерекше ынтамен қатысқан» деп ақын өміріндегі Семейдің орнын ерекшелігін аңғартады. Ал бүгінгі күні Семейдегі Абайдың тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі Қазақстандағы ірі мәдени орталықтардың бірі болып табылады. Қорық-мұражайдың негізгі қызметтері: Абай өмірі мен шығармашылығын, оның ақындық-өнер айналасын, сол замандағы тарих пен мәдениет құбылыстарын, заттық, құжаттық жәдігерлерді зерттеу, сақтау, насихаттау, қорғау болып табылады. Мұражай қазақтың классик жазушысы, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ұсынысы бойынша Абайдың 95 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған.

Мақалада автордың келесі қарастырған мәселесі дана-ойшыл ақынның шығармашылық мұрасы. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді. Ақынның дүниеге

келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді. Ғалым Манаш Қозыбаевтың ақынжанды тұлға екендігін ескере отырып, қазақ әдебиетіндегі Абай шығармаларын өзіне үлгі еткенін төл шығармаларынан анық байқаймыз. Сондай-ақ ғалым өзінің зерттеу еңбектері мен шығармаларында, зерттеу мақалаларында өзінің ойын дәйектеу үшін хакім Абайдың шығармаларына жиі жүгініп, одан мысалдар келтіріп отырған. Абайдың даналығын Отан тарихы мен қазақ этносының мәдениетін зерттеу барысында ғалым Манаш Қозыбаев әрқашан оралып отырған. Мәселен, жаратушылық энергиясы, дарындылық, шығармашылық деңгейі, білімі, тәжірибесі, ойлау жүйесі жоғары хакім Абайдың ой толғау, сөз саптау мәдениетіне зерделі зейінмен үңілсек, ол абызша, билерше, данышпанша пайымдап толғанады. Автор оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтып, өзара ұштастыра білгендігін ерекше көрсеткен. Тарихшы оның түрлі тақырыпта жазылған философиялық шығармаларына зерделі тұжырымдар жасап, терең талдайды. Философия ғылымдарының докторы, профессор Жабайхан Әбділдин сұхбаттарының бірінде Абайға келсек, қазақ қоғамының өмірін Абайға дейінгі, Абайдан кейінгі деп екі кезеңге бөлуге болатынын көрсетіп айқындаған. Ол Абайға дейінгі біздің әдебиетіміз, ой-санамыз, философиямыз бір бөлек те, Абайдан кейін осы құндылықтарға көзқарасымыз мүлде өзгерді, жаңа түсінік қалыптасты деген пікір айтқан. Ғалым Манаш Қабашұлы классик ақын Абайдың:

Менсінбеуші ем наданды,  
Ақылсыз деп қор тұтып,  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып. –

деп айтқан өлең жолдарының мәнін ашуға тырысып, Абай халықтың отаршылар алдында жалпақтап, менталитеті өзгергенін айтып қана қоймайды, ойшыл дана замана сырына үңілген деген пікірін айтқан. Халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Ақын Абай шын қадірін білген кісіге өлеңнің қасиетті екенін ұққан, білген адам. Өлеңін де сондай биік деңгейде таныта алған. Автор ақынның бірқатар өлеңдеріне тоқталып, Абай құрдымға кете бастаған болыстық жүйе мен билер сотына да сын көзімен қарағанын байқатады. Бұрынғы істі әділ шешкен билерді еске түсіріп, Ресей империясы бекіткен болыс пен билерге наразылығы болғанын да ашып көрсеткен. Рас, Абай тілінде «ұлт» сөзі кездеспейді. Халқым, қазағым, елім, жұртым дегенінен бүгінгі ұлт ұғым-түсінігінің дәлме-дәл баламасын көрсек қателеспейміз. Ол осындай шуақты, жылы сөздерімен қазақтың тұтастығын, бірлігін армандағаны анық.

Қазақ халқының мақтанышы Абай Құнанбаевтың ақындығы түпсіз терең мұхитпен тең десек, қателеспеген болар едік. Ғажайып суреткер, нәзік лирик, көркемсөз шебері, ең алдымен – ойшыл ақын. Адамның жанын, халықтың өзінің рухын қалыптастыратын жазушылар, философтар, ақындар болады және оларсыз өмір сүрудің өзі қиын. Хакім Абай солардың қатарына жатады. Оның шығармашылығының адамгершілік деңгейі өте жоғары. Абайдың философиялық ой-толғаулары – қазақ даналығының ең биік шыңы екені сөзсіз. Бұл пікір ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне, философиялық дүниетанымына және оның қара сөздеріне, әсіресе дінге, Алланың болмысы, имандылық туралы толғаныстарына қатысты. 1918 жылы жарық көрген «Абай» журналында Жүсіпбек Аймауытов «Журнал туралы» деген мақаласында Абайдың философиялық дарынына алғашқылардың бірі болып баға бере келіп, былай деп дәл атап көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына

қарағанда Абай қазақтап шыққан философ, данышпан». Өз кезегінде Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Абайға келгенде, ... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль, философиясына тікелей қатысы бар толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әр сапалы, терең ойлы пікірлері бар екені даусыз. Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көбі адамгершілік мәселесіне тіреледі», – деп жазған болатын.

Хақім Абай – қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерген ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге қазақтың мәңгілік ойы мен сөзін өркениеттің биігінде тұрып айтқан дала данышпаны да. Ақын шығармашылығында өзі өмір сүрген тарихи дәуірдің тұтас бейнесі көрініс тапты. Абай дүниені, болмысты, өмірді, тұрмыс-тіршілік толқындарын екі тұрғыдан да сабақтастырып жырлайды. Біріншісі, образдылық-бейнелілік тұрғыдан; екіншісі, логикалық-пәлсапалық заңдылықтар арқылы. Мақалада автор хақім Абай шығармашылығына зер салып, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанына, осы идеяны барынша дәріптегенін байқатады. Мәселен, Абай өзінің шығармаларында рухани жұтандық, білімсіздік, надандық, тоғышарлық, жалқаулық, екіжүзділік, масапқорлық, мақтаншақтық сияқты ұлтының бойындағы кемшіліктерді сынады. Дегенмен, хақім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздегені анық. Автор өз мақаласында, Абай мұрасы ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімді оятуға, рухани жаңғыруымызға игі ықпалын тигізеді деп есептейді. Сонымен қатар, ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін, тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайту үшін де Абайдың ой-тұжырымдарына зейін қойған абзал деп санайды. Абай өз заманының зиялысы ретінде өзі өмір сүріп отырған қоғамдық ортаны тәрбиелеген. Оған дәлел Абайдың ақындық ордасының болуы, өнерлі жастарды жанына жинап, оларға бағыт беріп отыруы. Жалпы, ақынның барлық шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық желісінің бірі – жастардың ерінбей еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі сынды асыл қасиеттерді уағыздау болып табылады. Ғалымның айтуынша, «Абай өнер, білімге жадағай жалпылама шақырмады. Ұлы дана қазақ халқының ХХ ғ. орыс өркениетін алтын көпір ете отырып, базарлы экономиканы меңгеріп, өркениет төріне өнер-білім, мәдениет арқылы әлем көгіне шығуды қалайды». Ойшыл ақынның жырларында қазақы болмыс та, пәлсапалық ой да, сыр да, сурет те біртұтас түзілген. Осылайша ұлы жаратылысты сөйлетіп, құпиясын төгілте суреттеп жеткізіп, ғаламат қуаттың көзін тауып, ой-сезім мұхитының ағыс-толқындарын тудырған. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді Әбжановтың айтуынша, «Абай мұрасында уақыт пен кеңістік, қоғам мен өркениет, мемлекет пен мемлекеттік құрылыс, идеология мен саясат жайлы құнды-құнды ойтолғау баршылық. Бірақ, бірде-біреуін арнайы тақырып ретінде қарастырған емес. Әлгінде айтылғандардың «уақыттан» басқасы Абай тілінде кездеспейді. Әйтсе де, олардың паркы мен нарқын білмеді деген қорытынды шықпауы керек».

Бұл тарихи-танымдық мақаласында автор ойшыл-ақынның даналығына, философиялық ой-тұжырымдарына, ағартушылық қызметіне айырықша тоқталады. Данышпан ақын Абай дүниетанымының қалыптасуына шығыстың ақындары мен ғалымдары – Фирдоуси, Навои, Низами, Физули, Хожа Хафиз, сондай-ақ орыс классиктерінің бірқатар еңбектері әсер еткені белгілі. Ғалым Манаш Қабашұлы И.А. Крылов, М.Ю. Лермонтовтың, И. Гете мен Байрондардың шығармаларын қазақ тіліне аударғандығын айтып, ақын замана сырын қазақ сахарасының шеңберінде ғана емес, әлемдік сипатта танығандығын ерекше байқатады. Мәселен, автордың: «Абайдың дүниетанымы орыс ойшылдары Ф. Достоевскийдің, А. Герценнің, В. Белинскийдің, Н. Чернышевскийдің көзқарастарымен ұштасады», деп айтуы осыған дәлел. Сондай-ақ ғалым саяси жер аударылғандардың Абай өміріне қалай ықпалы болғанын ашық айтқан. Мәселен, олармен арадағы байланысы, пікірлесуі ақынның рухани өсуіне, беделінің артуына да әсер еткенін

айшықтай түседі. Абайдың орыстың ашық пікірлі қайраткерлерімен кездесуі оның көзқарасына өзгерістер әкеліп, өзіндік пікірінің қалыптасқанын көруге болады. Ақынның Е.П. Михаэлисті ұстаз есебінде тұтып, оның философиялық, тарихи, мәдени бағыттағы ғылымдармен танысуы орыс мәдениетін қызығушылықпен оқып-білуіне, шығармашылығына тікелей әсер еткендігі белгілі. Абай досы Е.П. Михаэлистің ұсынысымен Семейдегі облыстық статистикалық комитеттің толық мүшесі болып сайланған. Революционер С. Гросспен де Абай оның Семейге жер аударылып келген кезінде танысып, пікірлесіп отырған. Ғалым Манаш Қабашұлы ақынның жаңа достары, ұлы ақынның дүниетану ауқымын кеңейтуге қолқабыс етсе, олар да Абайдан іздегенін тапқанын ерекше атап өтеді. Автордың айтуынша, «Абай арқылы олар қазақты, оның салтын, әсіресе даланың құқықтық нормаларын, халықтың этнографиясын, менталитетін таныды». Академик Манаш Қозыбаев ақынның көзқарастары Конфуций, Лев Толстой, Махатма Ганди, Фридрих Ницшенің көзқарастарымен жан-жақты үндестігін де терең көрсеткен. Абайдың дүниетану жолында өткен замандардың кемеңгер философтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданған. Осы кездегі қазақ қауымын толғандырған басты құдірет, жан мен тән, өмір мен өлім туралы болса, солардың барлығына Абай алға басарлық тұрғыдан жауап беруге тырысты.

Хақім Абайды ақын деп қана тар ұғымда қарай алмаймыз. Абай қазақ пен түркі әлемінің көрнекті өкілі ғана емес. Ол еліне көмектесуді ойлап, төрт мәрте болыс, екі рет би болып сайланып, он сегіз жыл билік тізгінін ұстайды. Мұндай қайраткерлер тарихта санаулы ғана, яғни әр халықтың өз Абайы бар және осындай біртуар тұлғалар арқылы біз дүниежүзіне таныламыз. Себебі академик Манаш Қабашұлы айтқандай «Абай біздің қазақ халқының өзі, барша тарихын таразылаған көзі, бұлбұлдай сайраған поэзиясының сөзі». Абай әлемі, оның өлеңдері мен қара сөздері бір халық қана, яғни қазақтың рухани жан дүниесінің сәулесі болған жоқ. Ол әлемдік деңгейде талданып, үлкен сұранысқа ие болған шығармалар жиынтығы. Себебі Абай әлемі кешегі парсы, араб, кейінгі орыс мәдениетімен ұштасып жатыр. Оған дананың өзі алған білімдері мен айтқан сөздері куә. Мәселен, Қытайда хақім Абайдың шығармаларын танытуға Ха Хуан Жан (Хабай) көп еңбек еткендігі белгілі. Ол Шыңжан өлкесінің Шәуешек қаласына жақын Қазақтар ауылында туып, қытай тіліндегі мектептерде оқып, қазақ тілін жетік меңгерген. Абайды бала күнінен жаттап өскен екен. 1950 жылы кемеңгер ақын Абайдың «Ескендір» поэмасын, ал 1958 жылы «Масғұт» поэмасын ханзу тіліне аударып, Пекинде арнайы кітап етіп бастырып шығарғаны белгілі. Жалпы, Хабай Абайдың 167 өлеңін, 3 поэмасын, 45 ғақлия сөзін түгел аударған екен. «Абай және Абай шығармалары» деген үш кітабын да Пекинде бастырған. Сондай-ақ, ұлы ақын Абайдың өлеңдері басқа тілдерге де аударылғандығын білеміз. Мәселен, Грузин тілінде – Ш. Мчедлишвили, қарақалпақ тілінде – Ш. Сеитова, қырғыз тілінде – А. Токомбаева, татар тілінде – М. Максуд және Н. Арсланов, француз тілінде – Ғалымжан Мұқанов, ағылшын тілінде – А. Самохмалов, түрікмен тілінде – А. Хайидова, Т. Қасымова, П. Исакова және М. Хамраева Абайды ұйғыр тілінде сөйлеткендігі анық. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Абай мұрасына қатысты «Бүгінде Абай шығармалары дүниежүзіне танымал. Ақын мұрасы әлем мәдениеті қазынасының ажырамас бір бөлігіне айналды. Осы орайда Түркі академиясының бастамасымен Абай шығармалары әзербайжан, қырғыз, өзбек және түрік тілдеріне аударылды. Осылайша Абай мұрасы барша түрік халықтарының ортақ қазынасына айналды деуге болады» – деген.

Білім мен ғылымды жырлаған Абай – шын мәнінде жаңашыл, ренессанстық тұлға болып табылады. Ол туған халқын өркениетті елдер қатарынан көруді армандады. Жасампаз өмірді дәріптеп, әсіресе адам баласына деген махаббатты ерекше ардақ тұтқан ақынның қайраткерлік тұлғасы әрқашан асқақ. Хақім шығармашылығының негізгі желісі – махаббаттан туады. Абай

шығармаларындағы тәрбиелік маңызы бар бір арна махаббат, ғашықтық сезім иірімдері арқылы сұлулықты сезіне білуге баулу тәсілдері де әр халықтың өзіндік ұлттық сипатымен ерекшеленген. Бұл ретте автор дана Абайдың әр сөзінің мәніне терең бойлап, астарын ашуға тырысқан. Мұнда ақын Абай мен И. Гетенің халық, махаббат, табиғат тақырыптарына қатысты еңбектерінен үзінді келтіріп, өзара үндестігін талдайды. Нәтижесінде, академик Манаш Қабашұлы «Абай махаббатты Гетеден кең шеңберде – адамгершілік аясынан қарайды» деген тұжырым жасаған. Бұл ретте ғалым Герольд Бельгер өзінің «Абай мен Гете» деген мақаласында: «Әр түрлі тарихи-географиялық ортада, әр түрлі қоғамдық формация мен тарихи кездерде, тіл мен әдеби дәстүрі бір-бірінен мүлдем алшақ жағдайда өмір сүргендеріне қарамастан, Гете мен Абай тағдырында, дүниетанымдарында, ізденістерінде, адамгершілік ынта-талабында, ұлттық мәдениетті дамытып, ұлттық сана сезімді ояту бағытындағы ересен еңбектерінде үндес, сарындас әуендер жиі кездеседі», – деп айқын көрсеткенін байқаймыз.

Сондай-ақ, автор белгілі тарихшылар мен ғалымдардың еңбектеріне сілтеме келтіріп, ондағы деректерді терең сұрыптап, Абайдың мұрасына қатысты сөздерді еш өзгертусіз ұсынған. Атап айтсақ, Абайды аса жоғары бағалаған, ХХ ғасыр ғұламасы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, белгілі зерттеуші Жұмағали Ысмағұлов, шығыстың данасы Мұхтар Әуезов, жазбаларынан мысал келтіре отырып, Абайдың ақындық өнерінің тағылымдық қасиетін зерделеуге арнағандығын баяндайды. Осылайша ғалым хакім Абайдың асқақ бейнесін бағалап, шығармашылығының мәңгілік құндылығын айғақтаған.

Абай даналығын танып-білу, Абай шығармаларынан нәр алып, оның тереңіне бойлау болашақ ұрпаққа артылған айрықша міндет. Мәселен, ойшыл ақын ғалым айтқандай үш бұлақтан сусындап, үш өркениет мәдениетін синтездеу арқылы әлем биіктігіне көтерілген. Автор Абайдың ақындық мұрасын тұтастай алып, оны өзіндік принциптермен жіктеп, шығармалардың ішкі мазмұнына терең үңіліп, жан-жақты талдауға, оқырманға түгел жеткізуге мүмкіндік беретін кең ауқымды зерттеуге күш жұмсады.

Заман өзгерген сайын, халықтың сана-сезімі өскен сайын ұлы ақын мұрасы да жаңа бір қырларынан ашылары сөзсіз. Абайға қарай сапар шегіп, жаңа бір олжалар табуға ұмтылып, оны өзінің абыройлы борышы деп сезінген ғалым ақынның өлеңдерін қоғам мен табиғат құбылыстарын, реалистік көзбен суреттеуі тұрғысынан тұтас алып қарастырған. Ол үшін Абайдың ақындық мұрасын белгілі бір тақырып шеңберлеріне топтастырып, ішкі мазмұнына қарай жүйелеп талдады. Данышпан ақын Абайдың адами, азаматтық қасиеттерін мейлінше шынайы, нақты дәлелдермен жаза отырып, пенделік мінездерін де қаламынан тыс қалдырмаған. Ғалымның «Абай біздің қазақ халқының өзі, барша тарихын таразылаған көзі, бұлбұлдай сайраған поэзиясының сөзі» – деуі Абайдың биік тұлғасын одан әрі биіктендіре түседі [3]. Академик Манаш Қабашұлы Абайдың дана тұлғасын асқақтата көтерген адам.

### **Қорытынды**

Абай өлеңдерінің мәнін тереңдететін жекелеген пікірлердің оның шығармашылығындағы орнын, айтпақ ойын терең философиялық әсерде беру үшін қолдану ерекшелігін көрсететін зерттеулер аз жазылмады деуге болады. Абайдың өлеңдері жазылып, халыққа таралғаннан бастап-ақ абайтану ғылымының іргетасы қаланған болатын. Қазақстандық әдебиетшілер, мен жазушылардың, суретшілер мен композиторлардың Абай тақырыбына қалам тартпағаны кемде-кем және оның жалғаса беретіні айқын. Қазақ әдебиетінің іргелі саласына айналған Абайтану о бастан-ақ қаламгер, ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жүйелі зерттеп, ұзақ қарастыруымен өмірге келгені мәлім. Ақын өмірі мен мұрасын танып-білу жайы ең алғаш Ә. Бөкейханов, К. Ысқақұлы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов

мақалаларынан өзінің бастауын алған. Яғни хакім Абайдың болмысы бөлек ақын екендігі сол ХХ ғасырдағы мақалалардан көрініс тапқан. Сенатор, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Бақытжан Жұмағұлов ұлы Абай армандаған ғылым егемен ел, тәуелсіз мемлекет болған тұста түбегейлі орныққандығын атап өткен. Бүгінде ғылыми мекемелер мен республиканың көптеген жоғары оқу орындарында Абайтану орталықтары құрылып, Абайды кешенді түрде зерттеу қолға алынған. Осы орайда С. Қирабаев, М. Мырзахметов, З. Ахметов, Қ. Мұхамедханов, Р. Нұрғалиев, М. Мағауин, Т. Кәкішев, С. Қасқабасов, Ш. Елеукенов, Т. Қожакеев, Т. Әлімқұлов, Қ. Өмірәлиев т.б. тәрізді ірі абайтанушылар қатары Қ. Салғарин, Ғ. Есім, Т. Жұртбай, Б. Байғалиев, Т. Шапай сияқты есімдермен толықты. Бұрынғы зерттеулердің басым көпшілігі Абайдың ағартушылық және орыс әдебиетін үлгі тұтқан көзқарасы төңірегінде ғана болса, бұдан былай ақын өлеңдерінің ішкі әлеміне бойлап, астарына үңілу, өнегелік, тағылымдық қасиеттерін ашуға ұмтылыс көрініс кең өріс алды.

Адамзаттың барша ұлы тұлғалары сияқты иісі адам баласына деген сүйіспеншілікті өсиет еткен Абай мұрасының, ақын тағылымының шығармашылық адамдарын қызықтыруы – заңды құбылыс болып табылады. Мәселен, ұлы ақын жайында ғалымдар, ақын-жазушылар түрлі кездесулер, танымдық лекциялар, тақырыптық конкурстар мен көрмелер, экскурсиялар тұрақты түрде өтіп, өнер ұйымдарының Абай туралы қойылымдарынан үзінділер көрсету, рухани мәселелер бойынша телехабарлар түсіру дәстүрге айналған.

Хакім Абай – мыңжылдықтарды құшағына сыйғызған, заманалар сырын толғап, адам болмысының құпиясы мен тұңғық тереңін нәзіктікпен сөйлетіп, рухани жетілудің жолдарын көсемдікпен көрсеткен келешектің кемел жаратылған өрен тұлғасы десе артық емес. Хакім Абай қағидаты, ұстанымы – мемлекеттің өркендеуі мен қоғамды ізгілендірудің, елді сәулелендірудің кепілі болып табылады. Абай тұлғасы – мәңгілік тұлға. Абай мұрасын әлемдік деңгейде паш етуге аса қажет дүние. Сондықтан абайтануды тың серпінмен дамыту абыройлы міндет, биік парыз болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Алпысбаев Қ. Абай тағылымы – арналы тағылым. // Ана тілі. 22 қаңтар, 2020.  
 Белгер Г.К. Абай мен Гете. Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. ф.ғ.д., профессор Нығмет Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 173-194 б.  
 Қозыбаев М.Қ. Той туралы. // Жұлдыз. – 1996. – №4. – 172-174 б.  
 Қозыбаев М.Қ. Шығармалары. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. Т.3. – 328 б.  
 Қозыбаев М.Қ. Шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. Т.6. – 328 б.  
 Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Егемен Қазақстан. 9 қаңтар, 2020.  
 Тұлғалар тұғыры. / Құраст. І. Қозыбаев. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 540 б.

#### REFERENCES

- Alpysbaev K. Abai tagylymy – arnaly tagylym. // Ana tili. 22 kantar, 2020.  
 Belger G.K. Abai men Gete. / Abai tagylymy. Adebі-syn maqalalar men zertteuler /kurast. f.g.d., profesor Nygmet Gabdullin. – Almaty: Jazushy, 1986. – 173-194 b.  
 Kozybaev M.K. Toi turaly. // Juldyz. – 1996. – №4. – 172-174 b.  
 Kozybaev M.K. Shygarmalary. – Almaty: Kazakh ensiklopediasy, 2013. T.3. – 328 b.  
 Kozybaev M.K. Shygarmalary. – Almaty: Kazakh ensiklopediasy, 2013. T.6. – 328 b.  
 Tokaev K.K. Abai jane XXI gasyrdagy Kazakhstan. Egemen Kazakhstan. – 9 kantar, 2020.  
 Tulgalар tugyry. / Kurast. I. Kozybaev. – Almaty: KazAkparat, 2009. – 540 b.

## МАЗМҰНЫ

<b>Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М.</b> ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
<b>Азмуханова А., Эгамбердиев М. Шаншарбек У.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІГУІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	16
<b>Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.</b> ШУ ӨңІРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТӨРТКҮЛДЕРДІҢ СТРАТИГРАФИЯСЫ (X-XII ғғ.).....	25
<b>Атығаев Н.Ә.</b> ТАҒЫ ДА ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚайТЫС БОЛҒАН УАҚЫТЫ МЕН ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ ТУРАЛЫ.....	41
<b>Ахантаева Ә.Ж.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН ЖОРА-ЖОСЫНДАР, АҢЫЗ- ӘПСАНАЛАР.....	48
<b>Бахтыбаев М.М.</b> Н.Н. ПАНТУСОВТЫҢ ЖЕТІСУ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	60
<b>Билалов С.У., Тәжекеев Ә.Ә., Дәрменов Р.Т.</b> ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ СОРТӨБЕ 1 ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.....	77
<b>Ғалиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М.</b> ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН «БІР БЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІР ЖОЛҒА».....	89
<b>Джумагазиева А.Н.</b> ИРАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІРДІҢ РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕЙІНГІ ИСЛАМИЗАЦИЯСЫ.....	103
<b>Жылгелді Ж.С.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ (Шығыс Қазақстан мысалында).....	115
<b>Жылқышыбаева Қ.Қ.</b> ЕУРОПАДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТАРИХИ БІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....	122
<b>Ибраева А.Ғ., Садықов Т.С., Темірханова Ә.С.</b> АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ХАКІМ АБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА.....	136
<b>Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С.</b> ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН (тарихи-салыстырмалы талдау).....	147
<b>Ильясова К.М., Байманов А.А.</b> СКРИПКАШЫ ӘЛІМ АЛМАТ (ҒАЛЫМЖАН ӘБСӘЛАМОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МУЗЫКАНТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	159
<b>Ильясова К.М.</b> МИЛЛИОН ИЕРОГЛИФТАН ТҰРАТЫН МАНУСКРИПТ (проф. Т.З. Қайыркеннің «Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы» колжазбасын зерттеу жобасы негізінде).....	174
<b>Иманалиева Е.</b> XVI ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	187
<b>Исмаилов С.С., Еришева А.А.</b> ЕМБІ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІ.....	193
<b>Исова Л., Апасатгарова Г.</b> ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР АУҚЫМЫНДАҒЫ.....	199
<b>Кәрібаев Б.Б., Нұрғазина Н.Д.</b> ӨЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде).....	211
<b>Күлдібаев Е.Қ., Саркулова С.Д.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ.....	232
<b>Қайыркен Т.З., Ильясова З.С.</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ИСПИДЖАБ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨңІРЕГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР.....	242



<b>Қартабаева Е.Т.</b> РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ.....	253
<b>Қойгелдиев М.Қ.</b> МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – БІЗ ҮШІН ЕУРОПА ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН ЖАТ ТӨҢКЕРІС.....	265
<b>Мажибаева Ш.О.</b> 1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕТ ЕЛГЕ БОСУЫ.....	273
<b>Мажиқызы Н.</b> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨҢДЕУ ӨНЕРІ.....	279
<b>Макашева К.Н., Шалкеева З.</b> ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	286
<b>Мұхагова О.Х., Садвокасова З.Т.</b> МАҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС.....	293
<b>Мұхитов Қ.</b> ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ.....	307
<b>Мұхитов Қ.С.</b> МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ.....	318
<b>Надырбеков Н.К.</b> ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ.....	326
<b>Оспанғалиев Қ.Ә.</b> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ БҮКЛІРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ.....	340
<b>Раздыков С.З., Зайнов А.М.</b> СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТИ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР.....	350
<b>Рахбаев Қ.Қ.</b> ЖЕЛТАУ МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ XX Ғ. БАСЫ).....	363
<b>Садықова А.М.</b> КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ...371	371
<b>Сүгірбаева Г.Д., Исабек Б.Қ., Омарбаев Ы.К.</b> ҚАЗАҚ КСР БОЙЫНША ШЕТЕЛГЕ БАРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТӘРТІПТЕРІ: ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ.....	379
<b>Сыздықова А.М., Молдакимова А.С.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ: КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР.....	388
<b>Тайман С.Т., Сүгірбай М.</b> СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ «ДОСАН БАТЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР.....	395
<b>Толамисов А.Ғ.</b> ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ "КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРДЫҢ" РӨЛІ.....	417
<b>Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е.</b> XIX-Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX-Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТАРДЫ ӨҢДЕУ ӨНДІРІСТЕРІ.....	425
<b>Ужженов Е.М., Шотанова Ғ.А.</b> ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРЫ (XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. басы).....	437
<b>Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.</b> ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ОҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	452
<b>Шашаев Ә.Қ., Смағұлов Б.Қ., Тылахметова А.С.</b> ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ҚАБІР ҮСТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ.....	460
<b>Шілдебай С.Қ.</b> СЕЙІТҚАЛИ МЕНДЕШЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ.....	472

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М.</b> ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
<b>Азмуханова А., Эгамбердиев М., Шаншарбек У.</b> ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КОНСОЛИДАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ.....	16
<b>Акымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С.</b> СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.).....	25
<b>Атыгаев Н.А.</b> ЕЩЕ РАЗ О ВРЕМЕНИ СМЕРТИ И МЕСТЕ ЗАХОРОНЕНИЯ КАСЫМ-ХАНА.....	41
<b>Ахантаева А.Ж.</b> ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ.....	48
<b>Бахтыбаев М.М.</b> ВКЛАД Н.Н. ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИЕ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ.....	60
<b>Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т.</b> АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СОРТОБЕ I.....	77
<b>Галиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М.</b> ОТ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ К «ПОЯСУ И ПУТИ».....	89
<b>Джумагазиева А.Н.</b> ПОСТРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСЛАМИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ИРАНЕ.....	103
<b>Жылгелді Ж.С.</b> ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В 20-30 ЛЕТ XX ВЕКА.....	115
<b>Жылкышыбаева К.К.</b> ВЗГЛЯДЫ НА ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ УЧЕНЫХ В ЕВРОПЕ: ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ.....	122
<b>Ибраева А.Г., Садыков Т.С., Темирханова А.С.</b> ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА.....	136
<b>Ибраева А.Г., Темирханова А.С.</b> СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН СКВОЗЬ ВЕКОВ (историко-сравнительный анализ).....	147
<b>Ильясова К.М., Байманов А.А.</b> СКРИПАЧ АЛИМ АЛМАТ (ГАЛИМЖАН АБСАЛЯМОВ) И ЕГО СТАНОВЛЕНИЕ КАК МУЗЫКАНТА.....	159
<b>Ильясова К.М.</b> МАНУСКРИПТ СОСТОЯЩИЙ ИЗ МИЛЛИОНА ИЕРОГЛИФОВ (по проектам исследования рукописей «Су Бэйхай. Общая история казахов» проведенных проф. Турсунханом Закенулы Кайыркеном).....	174
<b>Иманалиева Е.</b> ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVI ВЕКЕ.....	187
<b>Исмаилов С.С., Еришева А.А.</b> ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УРАЛО-ЭМБИНСКОГО НЕФТЯНОГО РАЙОНА И ПЕРВЫЕ НЕФТЕПРОМЫСЛЫ....	193
<b>Исова Л., Апсаттарова Г.</b> ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ.....	199
<b>Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д.</b> ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА(на основе восточных нарративов и генеалогических мифов казахов).....	211
<b>Кулдибаев Е.К., Саркулова С.Д.</b> ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА.....	232
<b>Қайыркен Т.З., Ильясова З.С.</b> ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	242
<b>Картабаева Е.Т.</b> ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ.....	253
<b>Койгелдиев М.К.</b> МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: ИДЕЯ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ ДЛЯ НАС БЫЛА ЧУЖАЯ.....	265
<b>Мажобаева Ш.О.</b> МАССОВОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ ЗА РУБЕЖ В 1928-1933 ГОДЫ.....	273

<b>Мажикзы Н.</b> ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ У КАЗАХОВ КИТАЯ.....	279
<b>Макашева К.Н., Шалкеева З.</b> ОРГАНИЗАЦИЯ ИСЛАМСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА.....	286
<b>Мухатова О.Х., Садвокасова З.Т.</b> ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ.....	293
<b>Мухитов К.</b> КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ.....	307
<b>Мухитов К.</b> СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ.....	318
<b>Надырбеков Н.К.</b> САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	326
<b>Оспангалиев К.А.</b> О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	340
<b>Раздыков С.З., Зайнов А.М.</b> САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИИ В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ.....	350
<b>Рахбаев К.К.</b> ИСТОРИЯ ЖЕЛТАУСКИХ МЕЧЕТЕЙ (СЕРЕДИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ).....	363
<b>Садыкова А.М.</b> ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ В ПЕРИОД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....	371
<b>Сугирбаева Г.Д., Исабек Б.К., Омарбаев Ы.К.</b> ПОРЯДОК РЕГИСТРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ ВЫЕЗДА ЗА ГРАНИЦУ В КАЗАХСКОЙ ССР: ПЕРИОД ЗАСТОЯ.....	379
<b>Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С.</b> АКТИВНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ ПРИИРТЫШЬЯ 80-Е ГОДЫ XX ВЕКА: КЛАССИФИКАЦИЯ И МЕТОДЫ.....	388
<b>Тайман С.Т., Сүгірбай М.</b> ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ В ДАСТАНЕ С.ЖАНГАБЫЛОВА «ДОСАН БАТЫР».....	395
<b>Толамисов А.Г.</b> ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСКИХ ДИАСПОР И РОЛЬ «МАЛЫХ КУРУЛТАЕВ».....	417
<b>Тулбаев Т.А., Абикинова Г.Е.</b> ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ОБРАБОТКА МИНЕРАЛЬНОГО СЫРЬЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX.....	425
<b>Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.</b> ВНЕШНИЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ (вторая половина XVIII - начало XIX вв.).....	437
<b>Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЛЕМЕНАМИ КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА И ОГУЗАМИ.....	452
<b>Шашаев А. К., Смагулов Б. К., Тылахметова А.С.</b> НАМОГИЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ.....	460
<b>Шилдебай С.К.</b> ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СЕЙТКАЛИ МЕНДЕШЕВА.....	472

## CONTENTS

<b>Abdukadyrov N.M., Nuskabay P.P., Sabanchieva Zh.M.</b> INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA RESHID PASHA.....	5
<b>Azmukhanova A., Egamberdiyev M., Shansharbek U.</b> PROBLEMS OF STUDYING CONSOLIDATION AND COOPERATION OF TURKIC PEOPLES OF THE LATE XIX - EARLY XX CENTURIES.....	16
<b>Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S.</b> THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.).....	25
<b>Atygayev N.A.</b> ONCE AGAIN ABOUT THE TIME OF DEATH AND THE PLACE OF BURIAL KASYM-KHAN.....	41
<b>Akhantaeva A.Zh.</b> THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDS RELATED TO AGRICULTURE.....	48
<b>Bakhtybaev M.M.</b> N.N. PANTUSOV'S CONTRIBUTION IN THE STUDY OF THE MONUMENT OF THE SEMIRECHYE.....	60
<b>Bilalov S.U., Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T.</b> ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT.....	77
<b>Galiev A.A., Ustemirova A.O., Kydyrgozhy B.M.</b> OF SORTOBE 1 FROM GREAT SILK ROAD TO "ONE BELT ONE ROAD".....	89
<b>Jumagazyeva A.N.</b> POST-REVOLUTIONARY ISLAMIZATION OF POLITICAL LIFE IN IRAN.....	103
<b>Zhylgeldi Zh.S.</b> SOURCES OF HISTORY OF COLLECTIVIZATION IN 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	115
<b>Zhylkyshybayeva K.K.</b> VIEWS ON THE HISTORICAL EDUCATION OF SCIENTISTS IN EUROPE: A HISTORICAL-PHILOSOPHICAL ANALYSIS.....	122
<b>Ibraeva A.G., Sadykov T.S., Temirkhanova A.S.</b> RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV.....	136
<b>Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S.</b> NORTH KAZAKHSTAN THROUGH THE AGES (historical and comparative analysis).....	147
<b>Ilyassova K.M., Baimanov A.A.</b> VIOLINIST ALIM ALMAT (GALIMZHAN ABSALYAMOV) AND HIS PATH OF BECOMING AS A MUSICIAN.....	159
<b>Ilyassova K.M.</b> A MANUSCRIPT CONSISTING OF MILLION HIEROGLYPHICS (on manuscript research projects «Su Beihai. The general history of the Kazakhs» conducted by Prof. Tursunkhan Zakenuly Kayirken).....	174
<b>Imanalieva E.</b> GOALS AND FEATURES OF KAZAKH KHANATE'S FOREIGN POLITICAL RELATIONS IN THE XVI CENTURY.....	187
<b>Ismailov S. S., Yerisheva A.A.</b> HISTORY OF DEVELOPMENT OF THE URAL-EMBINSKY OIL REGION AND THE FIRST OIL FIELDS.....	193
<b>Isova L., Apsattarova G.</b> RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES.....	199
<b>Karibayev B.B., Nurtazina N.D.</b> HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and genealogical myths of Kazakhs).....	211
<b>Kuldybaev E., Sarkulova S.</b> THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S.....	232
<b>Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S.</b> SISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES.....	242
<b>Kartabayeva E.T.</b> SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM.....	253
<b>Koigeldiyev M.</b> MAGZHAN ZHUMABAYEV: THE IDEA OF THE OCTOBER REVOLUTION WAS FOREIGN TO US.....	265

<b>Mazhibayeva Sh.O.</b>	
MASS MIGRATION OF KAZAKHS ABROAD IN 1928-1933.....	273
<b>Mazhikyzy N.</b>	
LEATHER TREATMENT ART AT THE CHINESE KAZAKHS.....	279
<b>Makasheva K.N., Shalkeyeva Z.</b>	
ORGANIZATION OF ISLAMIC COOPERATION AND THE EUROPEAN UNION: MAIN AREAS OF COOPERATION.....	286
<b>Mukhatova O., Sadvokasova Z.T.</b>	
THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU.....	293
<b>Mukhitov K.</b>	
KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE.....	307
<b>Mukhitov K.</b>	
CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY.....	318
<b>Nadyrbekov N.K.</b>	
SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN.....	326
<b>Ospangaliev K.A.</b>	
ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION.....	340
<b>Razdykov S.Z., Zainov A.M.</b>	
SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES.....	350
<b>Rakhbayev K.K.</b>	
HISTORY OF ZHELTAU MOSQUES (MID-XIX-EARLY XX CENTURIES).....	363
<b>Sadykova A.M.</b>	
POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN RELATION TO RELIGION DURING WORLD WAR II.....	371
<b>Sugirbayeva G.D., Issabek B.K., Omarbayev Y.K.</b>	
REGISTRATION SYSTEM PROCEDURE FOR DOCUMENTING TRAVEL ABROAD IN THE KAZAKH SSR: PERIOD OF STAGNATION.....	379
<b>Syzdykova A., Moldakimova A.</b>	
ACTIVITY OF ECOLOGICAL MOVEMENTS OF PRIYRTISHIYA IN THE 80s OF THE XX CENTURY: CLASSIFICATION AND METHODS.....	388
<b>Taiman S.T., Sugurbay M.</b>	
HISTORICAL SOURCES IN THE EPIC POEM OF S.ZHANGABYLOV «DOSAN BATYR».....	395
<b>Tolamissova A.G.</b>	
INTEGRATION OF THE KAZAKH DIASPORES AND THE ROLE OF «SMALL KURULTAIS».....	417
<b>Tulebaev T.A., Abikenova G.E.</b>	
PRODUCTION OF BUILDING MATERIALS AND PROCESSING OF MINERAL RAW MATERIALS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN IN THE SECONDHALF OF THE 19TH - EARLY 20TH CENTURIES.....	425
<b>Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.</b>	
EXTERNAL FACTORS OF THE POLITICAL CRISIS IN THE KAZAKH STEPPES (second half of the 18-th - the beginning of the 19-th centuries).....	437
<b>Habizhanova G.B., Almagambetova A.M.</b>	
SOME ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE TRIBES OF KARAKHANID STATE AND THE OGHUZES.....	452
<b>Shashaev A., Smagulov B., Tylakhmetova A.</b>	
GRAVE CONSTRUCTIONS OF GENEALOGICAL GROUPS OF KAZAKHS IN KAZAKHSTAN AND RUSSIA.....	460
<b>Shildebay S.</b>	
PUBLIC, POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF SEYTKALI MENDESHEV.....	472

## **EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2020. 1(21)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2020.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй